доктор политических наук,
профессор ЕНУ им.Л.Н.Гумилева
Нуртазина Р.А.**

XFTAP 11.01.39

Б.А. Габдулина¹, Б.Уәли²

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: 1 bagish68@yandex.ru, 2 berikuali77@gmail.com)*

Заманауи ақпараттық кеңістікте саяси лидер имиджін нығайту технологиялары: саяси психология

Аңдатпа. «Саяси технологиялар» термині саясаттану ғылымында ең жаңаларының бірі. Алайда бұл осы технологиялардың жаңа ғана жүзеге асырылып жақанын білдірмейді: іс жүзінде адамзат дамуының барлық кезеңдерінде қолданылған, бірақ оның маңыздылығы демократияның даму өнімі, тарихи аренада «саяси адамның» пайда болуына және оның қоғамдағы саяси өзгерістердің белсенді қатысушысына айналуына орай дамыды.

Мақалада сана, саяси сана және оның негізгі түсініктеріне ерекше мән беріледі. Аталған мақалада сана және оған ықпал ету ұғымын теориялық тұрғыдан түсінудің өзектілігі мен маңыздылығы қарастырылады. Қоғамдық сана мәселесі бойынша ғалымдардың көзқарастары, кейбір тұжырымдамалық идеялары қарастырылып, талданады. Қоғамдық-саяси сананың қоғамдағы әлеуметтік, саяси және экономикалық өміріндегі рөлі айқындалды.

Түйін сөздер: саяси психология, саяси технология, қоғам, саяси лидер, саяси имидж.

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2020-131-2-81-88>

Кіріспе. Тәуелсіздігін қалпына келтірген Қазақстанның әлем тарихындағы геосаяси жағдайы, халқының көпдиаспоралы құрамы, өзін-өзі танып және басқаларға танытқан жағдайында алдына қойған мемлекеттік саясатын, мемлекеттік билігін барынша тиімді қалыптастыру және сол мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыру өзінше ерекше десек, сол ерекшеліктің дінгегі болып табылатын саяси лидер имиджінің қалыптасу, нығаю мәселесін жан-жақты терең зерттеу қажет.

Қазіргі таңда қоғамның тарихи-саяси санасын зерттеудің өзектілігі ұғымының теориялық негіздерін тереңірек зерттеуді көрсетіп отыр. XX ғасырдың басы мен соңындағы, айталық, 90-шы жылдардан кейінгі еліміздің ғылымындағы басымдықтарда айырмашылықтар болды. Кеңестер елі бар кезеңде ғылым көбінесе коммунистік идеологиядан шыға алмай, зерттеулерде «өзге» халықтардың ұлттық құндылықтары, дәстүрлері, ұлттың тарихы мен санасы еленбеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғылымда жаңа көзқарастар қалыптасып, жаңа ғылыми әдістер пайдалануға мүмкіндіктер туындады. Ұлттық тарихты басқаша қайта зерттеу қолға алынып, тарихи санада серпілістер мен өзгерістер орын алған революция болды деуімізге болады.

Мәселенің тұжырымы. Елімізде тарихи-саяси сананы, саяси мәдениетті, саяси белсенділікті қалыптастыру бойынша қыруар шаралар ұйымдастырылуда. Осы ұйымдастырылып, өткізіліп жатқан іс-шаралардың аясында саяси лидер феноменінің орын алатыны белгілі. Себебі атқарылып жатқан іс-шаралар кешенін, саяси процесті ақпараттық кеңістікте уақытылы жариялап отыру өз тарапынан қоғамдық санаға ықпал ету арқылы саяси лидер имиджінің нығаюына өз септігін тигізбек. Айталық, американдық ғалым Гюстав Лебонның тобыр теориясын негізге алсақ, «оның (көпшіліктің) жалпы қасиеттерінің бірі - ерекше мойынсұну» [1].

Зерттеудің мақсаты. Зерттеу жұмысының мақсаты заманауи ақпараттық кеңістікте саяси лидер имиджін нығайту аясында саяси психологиядағы көпшілікке ықпал ету тетігі

мәселесінің зерттелу деңгейін, яғни тарихнамасын анықтау болып табылады.

Зерттеудің тарихы. Аталған мақаланың мәні осы тақырыптың зерттелу деңгейін, яғни тарихнамасын қарастыру көзделген, демек, мұны біз төменде тақырыптың желісінде толығымен айтып өтеміз. Мақала авторлары осы уақытқа дейін ұлттық сана және оның негізгі түсініктері [2], саяси ғылымдардағы қоғамдық сана түсініктері [3] мәселелеріне арналған еңбектері жарияланған болатын. Бұл сол зерттеу жұмыстарының заңды жалғасы деуімізге болады.

Жалпы қоғамдық сананы әр қырынан қарастырған ғылыми еңбектердің саны баршылық.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының эмпирикалық деректерін мәселеге арналған теориялық-тәжірибелік еңбектер құрайды. Зерттеу жұмысы барысындағы нәтижелерді алу үшін 1) Салыстырмалы талдау зерттеліп отырған ұғымның мағынасы мен ерекшеліктерін дәйектеуге көмектесті. 2) Зерттеудің тарихи талдау әдісі ұғымның қалыптасу генезисін анықтауға септігін тигізді. 3) Жүйелік талдаудың әдісі зерттеу пәнінің толық түсініктемесін алуға мүмкіндік берді. 4) Құрылымдық талдау әдісі тарихи сананың заманауи ахуалын айқындауға ықпал жасады. Зерттеу жұмысында бірнеше ғалымдардың ұғымға қатысты теориялық тұжырымдамалары ескерілді.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Адамзат тарихында саяси билік, оны жүзеге асыратын саяси лидер және саяси элита коммуникативті саясат моделіне және бұқара тарапынан мойындалуға мұқтаж болған жоқ. Ғылымның дамуына, соның аясында жаңа бұқаралық коммуникация құралдары, телеграф, радио, теледидар, интернет пайда болуы өз септігін тигізді. Мұның көрінісі ретінде табиғат заңы «сананы тұрмыстың билеуіне» орай, қоғамның санасы өзгеріп, теңдік, еркіндік, демократия идеялары пайда болады. Қоғам дамып, мемлекеттің басқару функцияларын жүзеге асырудың өзіндік ерекшеліктері орын ала бастады. Бұл өз тарапынан мемлекет пен қоғам арасындағы іс-қимыл тетігінің, сондай-ақ, саяси биліктің қоғамға ықпал ету, ықпал ету арқылы саяси лидердің имиджін нығайту тетігінің қажеттігі күн тәртібіне шықты. Мұндай тетік, заманауи тілмен айтқанда, коммуникативтік саясат болып табылмақ. Осыған байланысты саяси коммуникация феноменін зерттеу көптеген зерттеушілердің теориялық ізденістерінің объектісіне айналды. Алдымен коммуникация сенім ретінде қабылданды. Кейінірек “кері байланыс” ұғымы пайда болады.

Жалпы заманауи БАҚ қоғамға, қоғамдық санаға ықпалын, оның аясында саяси лидер имиджін қалыптастыру, нығайту тетіктерін қарастыру үшін, әуелі қоғамдық сананың табиғатына қатысты «Тобыр теориясының» авторы, американдық ғалым Гюстав Лебонның «Көпшілік психологиясы» деген еңбегіне тоқталған жөн. Автордың пайымдауынша, оның (тобырдың) жалпы қасиеттерінің бірі – иландыруға ерекше көңілшілдігі. Сондай-ақ, атап өтетін жәйт, тобырға тек қарапайым және шеткі сезімдер ғана таныс; тобыр оған таңылған кез келген идеяны, пікірді я толық қабылдайды, я болмаса қабылдамайды және оны ол (тобыр) таза шындық ретінде немесе тек жалған ретінде түсінеді. Олар үшін бұл абсолютті ақиқатқа немесе абсолютті адасушылыққа жатады. Көпшілікке әсер ететін тікелей факторлар дайындалған негізге (құнарлы топыраққа) әсер етеді және онсыз ешқандай нәтиже тудырмайды; олар тобырда белсенді сенімділік тудырады, яғни идеяны белгілі нысанға тартады және оның барлық салдарымен оны дамытады. Осы факторларға байланысты, көпшілікті қызықтыратын шешімдер пайда болмақ [1].

Демек, саяси лидер имиджін қалыптастыру, нығайту тетіктерін игеру мақсатында, әуелі индивидтің, қоғамның психологиясын, оның ерекшеліктерін қарастырған жөн. Әрине, бұл аталған дүниелер психология пәнінің діңгегі болғанмен, адам және қоғам түсініктері - психологияның да, сондай-ақ, саясаттанудың да қарастыратын объектісі, оның ішінде, саяси психология ғылымының өзегі, себебі, саяси лидердің өзі – саяси психология ғылымының қарастыратын объектісі. Осы орайда, аталған мақала аясында адам психологиясын

мейлінше терең зерттеген, әлемдегі танымал психологтардың еңбектеріне шолу жасауды жөн көрдік.

Адамзаттың тарихи-саяси даму процесінде саяси билік өзі көздеген мақсатына әрдайым жеткен. Оған келтірер дәлел жетерлік. Демек, сол саяси биліктің мақсатына жету тетіктері неде деген сауал туындайды. Осы орайда оған жауапты саяси психологиядан іздеген жөн. Айталық, британдық психолог Эдвард де Боно тиімді ойлауға үйрететін әдісті әзірледі [4]. Алты телпек - ойлаудың алты түрлі жолы. Де Боно жағдайға байланысты әртүрлі тәсілдермен ойлау үшін әр бас киімін «тетік» ретінде ұсынады. Қызыл телпек - бұл эмоциялар, кара-сын, сары — оптимизм, жасыл — шығармашылық, көк — ой барысын басқару, ал ақ — фактілер мен сандар. Қоғамдағы индивид әдетте өмірінде бір немесе екі телпек киеді де, сол телпек аясынан өздігінен шыға алмайтынын ескеру қажет, айталық, оған авторитарлық, тоталитарлық қоғамдардың саяси психологиясы мен шешімін таппаған әлеуметтік-экономикалық мәселелер айқын дәлел бола алады. Қоғамдық санаға түрлі тетіктер арқылы тиісті «телпек» түрін таңу, кигізу арқылы ықпал етіп, саяси билік өз мұратын жүзеге асырып жатады. Демек, алты түсті телпек кию арқылы ойлауға, ол телпек түстерін адам өзі мүдделі адамға, адамдар тобына, қоғамға «кигізіп», өз мақсат-мұратына жетуге болады. Бұл еңбек бүгінгі таңда кеңінен қолданыста деп айтуға негіз бар. Ендігі мәселе саяси билік үшін қандай қоғамға аталған телпек түрлерін «кигізу, таңу» жеңіл де, қандай қоғамға «кигізу, таңу» қиындық туғызуы мүмкін деген сауал орын алуы ықтимал?

Виктор Франкл — әлемге әйгілі австриялық психолог және психиатр, Альфред Адлердің шәкірті және логотерапияның негізін қалаушы. Логотерапия (грекше “Logos” сөзінен – сөз және “terapia” – қамқорлық, күтім, емдеу) — бұл Франкл концлагерьдің тұтқыны бола отырып жасаған тұжырымдар негізінде пайда болған психотерапиядағы бағыт. Бұл мағынаны іздеу терапиясы, адам өмірінің кез-келген жағдайында, оның ішінде қайғы-қасірет сияқты шектен тыс жәйт орын алғанда мән-мағынаны табуға көмектесетін тәсілі. Сондай-ақ, бұл жерде мынаны түсіну өте маңызды: мағынаны табу үшін Франкл жеке тұлғаның тереңдігін емес (Фрейдтің пайымдауына сай), оның биіктігін зерттеуді ұсынады. Бұл осы тұстағы өте маңызды айырмашылық. Франклге дейін психологтар адамдарға олардың санасының тереңдігін зерттей отырып, көмектесуге тырысты, ал Франкл адамның әлеуетін толық ашуды, оның биіктігін зерттеуді ұсынады. Осылайша, негізгі өзек образ ретінде сипаттасақ, «ғимараттың подвалын» емес, биіктігін зерттеуді негізге алған жөн. Демек, біздің қарастырып отырған тықырыбымызға аталған еңбектің қандай қатысы бар деген сауал туындаса, адам саясаттың объектісі де, субъектісі де, олай болса, саяси лидердің беделін нығайту тетігі ретінде қоғамның әлеуетін де назарға алып, соған орай заманауи БАҚ әлеуетін толыққанды пайдаланған жөн. Саяси биліктің, саяси лидердің имиджін, беделін нығайту мақсатында жарияланатын ақпарат көзі қоғам әлеуетін негізге алып, соған орайластырылып берілгенін назарға алу қажет шығар [5].

Анна Фрейд-психоанализдің негізін қалаушы Зигмунд Фрейдтің кіші қызы. Психологиядағы жаңа бағытты — эго-психологияны құрды. Оның басты ғылыми еңбегі-адамның қорғаныс механизмдерінің теориясын әзірлеу. Анна Фрейд. Психология Я и защитные механизмы. Аталған еңбектің біздің зерттеу объектіміз үшін құндылығы, ол қоғамдағы адамның қорғаныс механизмдерінің сырын түсіну арқылы, саяси лидердің имиджін нығайтуға бағытталған БАҚ соған орай икемдеу [6].

Зигмунд Фрейдтің екінші атақты оқушысы Карл Юнг. Юнг бейсаналық-бұл адамның ең төменгі сатысы ғана емес, сонымен қатар ең жоғары, мысалы, шығармашылық. Ес-түссіз символдармен ойлау. Юнг адам дүниеге келген ұжымдық бейсаналық ұғымын енгізеді, ол бәріне бірдей. Адам дүниеге келгенде, ол ежелгі образдарға, архетиптерге толы және олар ұрпақтан ұрпаққа өтеді. Архетиптер адамға әсер етеді. Демек, саяси лидер имиджін нығайту үшін БАҚ-та архетиптерді кеңінен қолдануға болады. Бұл біздің еңбегіміз үшін мейлінше маңызды тетік болмақ [7]. Абрахам Маслоу-бүкіл әлемге танымал психолог,

оның қажеттіліктер пирамидасын барлығы біледі. Бірақ Маслоу тек осы осымен ғана танымал емес. Маслоу адам психологиясын зерттеу арқылы, оның өзіндік ерекшеліктерін ашады, айталық, саясат азшылықтың көпшілікке ықпалы аясында айтылатынын ескерсек, Маслоудың айтуынша, қолында балғасы бар адамға барлық мәселелер шеге ретінде көрінеді [8]. Әлбетте, автордың пайымдауынша адамды өзгерту үшін, әуелі оның өзіне (отношение к себе) қатысты түсінігін өзгерту қажет. Олай болса, өзін өзі таныған адам ғана өзгені таниды, осы орайда, ұлт данышпаны Абай іліміне жүгінуді жөн көрдік. Абай, өзге жұрттан қалып қоймау үшін, күніне бір, я болмаса аптасына бір... өзіңнен есеп алу туралы айтады. Демек, адам өзінен өзі есеп алуды өзінің күн тәртібіне енгізсе, қаншалықты ол өзін өзі таныр еді, соның аясында оның еңсеретін, бағындыратын мақсат-мүддесі де нәтижелі болмақ. Бұдан шығатыны көпшілік қаншалықты өзін өзі таныған, өзімен өзі келісімде, үйлесімде өмір сүреді (психикалық дені сау), соның аясында ол өз жағдайын жасайды, өзгені түсінеді, қабылдайды, иланады және т.с.с.

Сананы тұрмыс билейтін философия ұғымына үңілсек, онда осы орайда, Альфред Адлер еңбектеріне назар аударған жөн. Альфред Адлер-Зигмунд Фрейдтің ең танымал шәкірттерінің бірі. Жеке (немесе жеке) психология тұжырымдамасын жасады. Ол өз сөзінде: «бұл-адам үшін өте маңызды...». Осы мақсатқа сүйене отырып, ол өзінің өткені мен шынайылығын өзгертеді. Басқаша айтқанда, тек мақсатты біле отырып, біз адамның неге басқаша емес, солай жасағанын түсіне аламыз [9]. Аталған мақала аясында медицина докторы, психиатр және психоаналитик Норман Дейдж мидың иілгіштігін зерттеуді арнады. Өзінің басты еңбегінде ол революцияға татырлық мәлімдеме жасайды: біздің миымыз адамның ойлары мен іс-қимылдарының арқасында өз құрылымы мен жұмысын өзгерте алады. Дейдж адам миының пластикалық екенін, демек, өзін-өзі өзгерте алатынын дәлелдейтін соңғы жаңалықтар туралы айтады. Ауыр проблемалар болған адамдарға операция мен дәрі-дәрмексіз емделмейтін ми ауруларын емдеуге мүмкіндік туды. Ал, ерекше проблемалар болмаған адамдар мидың жұмысын айтарлықтай жақсартта алды. Бұл еңбек те қоғамдық санаға ықпал ету тетігінің бір көрінісі ретінде қарастыруға болады, неге десеніз, себебі Элвин Тоффлердің «Шок будущего» еңбегінде айтылатын мәселелерді шешу тетігі іспеттес. Ал Элвин Тоффлер өткен ғасырдың 60-шы жылдары айтып көрсеткен ғылыми-техника дамуының жылдамдығы, ақпарат тасқынының күштілігі адам санасына ықпалдың күшеюінің жиынтығы түбінде адамның тіршілік көзіне өз тұрғысынан қауіп төндіретін бірден бір фактор болатынын атап өткен, демек, осы орайда Норман Дойдждың аталған еңбегін саясаттану ғылымында БАҚ және саяси билік аясында кеңінен қолдануға болатыны анық [10].

Психолог Дэниел Гоулман лидер үшін “эмоциялық интеллект” (EQ) IQ маңызды екенін мәлімдеп, лидер туралы түсінігімізді толығымен өзгертті. Эмоционалдық интеллект (EQ) — бұл эмоцияларды, өзінің және өзгенің эмоцияларын анықтау және түсіну қабілеті, сондай-ақ, осы білімді өзінің мінез-құлқы мен адамдармен қарым-қатынасын басқару үшін пайдалану қабілеті. Эмоционалдық интеллекті жоқ лидер бірінші сыныпты дайындықта болуы мүмкін, өткір ақылға ие болуы және жаңа идеяларды шексіз қалыптастыруы мүмкін, бірақ ол әлі де эмоцияларды басқара алатын лидерден ұтылады. Бүгінгі таңда бизнес лидерлер, саяси лидерлер (EQ) анықтау арқылы орын алған кемшіліктерді жою бағытында жұмыс жасайды [11].

Танымал американдық психолог Роберт Чалдиниң атақты кітабы, ол саяси психологияда классикалық еңбекке айналды. «Иландыру психологиясы» 50 иландыру тәсілін ұсынылады. Айталық, мемлекеттік стратегияларды, бағдарламалық құжаттарды жүзеге асыру үшін, саяси лидер төңірегінде қоғамды шоғырландыру үшін, саяси лидерге иландыру мақсатында Роберт Чалдиниң иландыру психологиясының тәсілдерін кеңінен қолдануға болады [12].

Сьюзан Вайншенк-мінез-құлық психологиясына маманданған танымал американдық

психолог. Оны “Ми ханымы” деп атайды, өйткені ол неврология мен адам миы саласындағы соңғы жетістіктерді зерттеп, алынған білімді бизнесте және күнделікті өмірде қолдану мүмкіндігін ұсынады. Сьюзан психиканың негізгі заңдары туралы айтып, өз еңбегінде біздің өмірімізге әсер ететін адам мінез-құлқының 7 негізгі мотиваторларын бөледі [13].

Мартин Селигман-танымал американдық психолог, оң психологияның негізін қалаушы. Дүниежүзілік танымалдық оған үйреніп алынған дәрменсіздік феноменін, яғни жойылмайтын қиындықтардың алдында пассивтілікті зерттеу әкелді. Селигман дәрменсіздік пен оның соңғы көрінісі — депрессия негізінде пессимизм жататынын дәлелдеді. Психолог бізді өзінің екі басты концепциясымен таныстырады: үйренген дәрменсіздік теориясымен және түсінік стилімен. Олар тығыз байланысты. Біріншісі пессимист болатынымызды, ал екіншісі — пессимистен оптимистке айналу үшін ойлау стилін қалай өзгертуге болатынын түсіндіреді. Демек, қоғамдық сананы болашаққа жоспар құрып, алға ұмтылуға ынталандыру арқылы біз өмірге оптимистік ықылас қалыптастыра отырып, адамдардық саяси психологиялық жәй-күйінің өзгеруіне ықпал ете аламыз. Ал оң саяси психологиялық жәй-күй берілген ақпаратты да оң қабылдап, қоғам дамуына өз серпінін бермек деп қорытуға негіз бар [14].

Сонымен қорытындылай келе, американдық ғалым Гюстав Лебонның «Көпшілік психологиясы» деген еңбегіне қайтадан оралған жөн. Автордың пайымдауынша, барлық ұлттарда байқалатын жалпы симптомдар бізге қуатты массаның тез өсуін көрсетеді және бұл қуаттың жақын арада тоқталмайтынын айтуға негіз бар. Ол бізге не әкелсе де, біз онымен келісуіміз керек. Бұл күшке қарсы әр түрлі пікірлер мен сөздер – бұл бос сөздер. Әрине, көпшілік ішінде түрлі жіктер бар. Тек қана көпшілік психологиясына, оның ішінде саяси психологияға ену арқылы, оның өзіндік ерекшеліктері мен тетіктерін ескеру арқылы саяси лидер имиджін нығайту тетігі ретінде бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуетін пайдалануға болады. Себебі көпшілікті таза теориялық әділеттілікке негізделген ережелер арқылы басқаруға, ықпал етуге болмайды, керісінше оған әсер етіп, оны қызықтыра алатын дүниені іздеу керек. Тек қана көпшілік психологиясына тереңірек үңілу арқылы ғана, оларға (көпшілікке, тобырға) таңылатын идеялар билігінің қаншалықты күшті екенін түсінуге болады.

Осы орайда, қоғамды саяси лидердің қызметін бағалай алатын деңгейге көтеру қажет, сол арқылы саяси лидер имиджін нығайту. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаев «Халықтың билікке деген құрметі болмаса, елдікке сын» деп айтқанындай [15], саяси лидер имиджін нығайту үшін қоғамды тобырлық деңгейден индивидтік деңгейге көтеру қажет. Тобыр психологиясы әлеуметтік-экономикалық баяу дамыған қоғамға тән. Демек, халықтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің оңтайлы шешіліп, тұрмыс деңгейін көтерудің бір тетігі ретінде ұлттық болмысты, Абай ілімін жетекшілікке алып, қолданысқа енгізу үшін жұмыс жасалуы қажет. Сол арқылы дені сау қоғамдық психологияны қалыптастыру, айталық, білім беру саласында өзін-өзі тану курстарының толыққанды іске қосылуын қолға алу, сондай-ақ, өзін-өзі тану курсы аясында дала философиясына тереңірек бет бұрған жөн.

Өзін –өзі танып, үйлесімде өмір сүретін индивид қана өзгені танып, өзгені танытындай, бағлайтындай, мойындайтындай дәрежеге көтерілмек. Олай болса, мемлекеттің өміршеңдігін қамтамасыз ету кепілінің бірі- халықтың саяси билікті, саяси лидерді мойындауы болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Гюстав Лебон. Психология масс. - М., изд. Питер, - 2015
2. Алаш идеясының мәні. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары «Алаш идеясы және Таңжарық Жолдыұлы мұрасы» //ҚР БҒМ Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Нұр-Сұлтан қ. 2013ж. 24 мамыр. – Б. 196-200. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары «Алаш идеясы және Таңжарық Жолдыұлы мұрасы» //ҚР БҒМ Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Нұр-Сұлтан қ. - 2013ж. 24 мамыр. – Б. 196-200.
3. Саяси технологияларының еліміздегі даму эволюциясы. Материалы республиканской научно-практической конференции «Творческое наследие профессора М.К.Барманкулова» посвященное 80-летию юбилею известного ученого, журналиста, доктора филологических наук, профессора М.К.Барманкулова. Нур-Султан. - 2017 ж.7 апреля . С.-56-58.
4. Эдвард де Боно. Шесть шляп мышления, — СПб.: Питер Паблишинг, 1997.
5. Виктор Франкл. Воля к смыслу. - 2018.
6. Анна Фрейд. Психология Я и защитные механизмы. - М. Педагогика, - 1993
7. Карл Юнг. Архетип и символ. - Изд. Ренессанс, - 1991.
8. Абрахам Маслоу. Дальние пределы человеческой психики. - СПб., Евразия, - 1999.
9. Альфред Адлер. Понять природу человека. - Изд. Академический проект, - 1997.
10. Норман Дойдж. Пластичность мозга, - М., - 2010 .
11. Дэниел Гоулман. Эмоциональное лидерство. – М.,- 2007.
12. Роберт Чалдини. Психология убеждения . - М., - 2013.
13. Сьюзан Вайншенк . «Законы влияния». - М., - 2013.
14. Мартин Селигман. Как научиться оптимизму. - М., - 2006.
15. Тоқаев Қ. Абай және 21 ғасырдағы Қазақстан. - Егемен Қазақстан 9 қаңтар, - 2020.

Б.А. Габдулина, Б. Уали

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан*

Технологии укрепления имиджа политического лидера в современном информационном пространстве: политическая психология

Аннотация. В отношении механизма воздействия на политическое сознание общества следует обратить внимание на лучшие достижения политической психологии. Объектом влияния политической властью является психология масс, в связи с этим в данной работе проведен обзор трудов известных ученых, изучающих психологию масс и индивида; планируется использование их выводов в предстоящей исследовательской работе. Для достижения цели исследовательской работы была рассмотрена психологическая основа воздействия на общественно-политическое сознание с целью оптимального применения политических технологий и получения соответствующих результатов.

Ключевые слова: Политическая психология, политическая технология, общество, политический лидер, политический имидж.

B.A. Gabdulina, B.Uali

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Technologies for strengthening the image of a political leader in the modern information space: political psychology

Abstract. As a mechanism for influencing the political consciousness of society, attention should be paid to the best achievements of political psychology. In this regard, the psychology of the masses is the object of influence of political power, in this regard, we have reviewed the works of famous world scientists who study the psychology of the masses and the individual, and in the future to use their conclusions in their future research work. Therefore, in order to achieve the goal of the research work, the psychological basis of influence on the socio-political consciousness was considered in order to optimize the use of political technologies and obtain appropriate results.

Keywords: Political psychology, political technology, society, political leader, political image.

References

1. Gyustav Lebon. Psihologiya mass [Gustave Le Bon. The Psychology of the masses] (Moscow, ed.Peter, 2015).
2. Alash ideyasynyn mani [The essence of the idea of Alash.], Halykaralyq gylymi-tazhiribelik konferenciya materialdary «Alash ideyasy zhane Tanzharyk ZHoldyuly murasy» //KR BGM L.N.Gumilyov atyndagy EYU Nur-Sultan k. 2013zh. 24 mamyr – B. 196-200 [Materials of the international scientific-practical conference “idea of Alash and heritage of Tanzharyk Zholdyuly”] (RK Ministry of the Education and Science, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, 24th of May 2013. P. 196-200),
3. Sayasi tekhnologiyalarynyñ elimizdegi damu evolyuciyasy [The political technologielaan elmeg lady evolutes], Materialy respublikanskoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Tvorcheskoe nasledie professora M.K.Barmankulova» posvyashchennoe 80-letnemu yubileyu izvestnogo uchenogo, zhurnalista, doktora filologicheskikh nauk, professora M.K.Barmankulova [Materials of the Republican scientific and practical conference “Creative heritage of Professor M. K. Barmankulov” dedicated to the 80th anniversary of the famous scientist, journalist, doctor of Philology, Professor M. K. Barmankulov] (Nur-Sultan. 2017. April 7 .P. 56-58).
4. Edvard de Bono. SHest’ shlyap myshleniya [Edward de Bono. Six hats of thought] (SPb.: Peter Publishing, 1997).
5. Viktor Frankl. Volya k smyslu [Victor Frankl. The will to meaning]. 2018.
6. Anna Frejd. Psihologiya YA i zashchitnye mekhanizmy [Anna Freud. Psychology of Self and defense mechanisms] (Pedagogy, - Moscow, 1993).
7. Karl YUng. Arhetip i simvol [Carl Jung. Archetype and symbol] (Ed.Renaissance, 1991).
8. Abraham Maslou. Dal’nie predely chelovecheskoj psihiki [Abraham Maslow. The far reaches of the human psyche] (SPb.: Eurasia, 1999).
9. Al’fred Adler. Ponyat’ prirodu cheloveka [Alfred Adler. Understand the nature of man] (Ed. Academic project, 1997).
10. Norman Dojdzh. Plastichnost’ mozga [Norman Doge. Plasticity of the brain.] (M., Publishing house: Bombora, 2010).
11. Deniel Goulman. Emocional’noe liderstvo [Daniel Goleman. Emotional leadership] (Moscow, 2007).
12. Robert CHaldini. Psihologiya ubezhdeniya [Robert Cialdini. Psychology of persuasion] (Moscow, 2013).

13. S'yuzan Vajnschenk . «Zakony vliyaniya» [Susan Weinshank “laws of influence”] (Moscow, 2013).
14. Martin Seligman. Kak nauchit'sya optimizmu [Martin Seligman. How to learn optimism] (Moscow, 2006).
15. Tokaev K. Abai zhane 21 gasyrdagy Kazakstan [Tokaev K. Abay and Kazakhstan of the 21st century] (Egemen Kazakhstan, January 9, 2020).

Авторлар туралы мәлімет:

Габдулина Б.А. – тарих ғылымдарының кандидаты, саясаттану кафедрасының доценті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Уәли Б. – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті саясаттану кафедрасының 1 курс докторанты.

Gabdulina B.A. - Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of Political Sciences, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str.2, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Uali B. – 1st year PhD student of the Department of Political Sciences, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str.,2, Nur-Sultan, Kazakhstan.